

Бекітемін: _____

«Тұлпар» жеке меншік бөбекжайының
менгеруші: Науанова М.И.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде
«Балбөбек» ерте жас тобына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

2023 - 2024 оқу жылы

Түсінік хат

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 2 қосымшасы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша құрылған

Оқу жүктемесіне 5 білім дағдысының мазмұны кіреді: «Физикалық қасиеттері», «Коммуникативтік дағдылар», «Танымдық және зияткерлік дағдылары», «Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс -әрекетінің дамуы», «Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру». Кіші топта 1-2 жастағы балалар тәрбиеленеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың тәрбие мен оқытудың оқу жұмысна ойын арқылы уақыт бөлінеді. Ерте жас тобына Дене шынықтыру, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Мүсіндеу, Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері беріліп отыр.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарына міндеттері мен күтілетін нәтижесі жазылады, апталық циклограмма құрылады. Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Тұлпар» жекеменшік бөбекжайы

Топ: «Балбөбек» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	1. негізгі қимылдар Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденнен бір шеті 15–20 сантиметр жоғары қойылған тақтайдың үстімен жүру. Домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домалату; допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; 2. Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, 3. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Сауықтыру-шынықтыру шараларын табиғи факторларды (ауа, күн, су) пайдаланып, жүргізу. Топ бөлмелерінде тұрақты ауа температурасын (+21-22°C) сақтау, балаларға жеңіл киімдер кигізу. Күтілетін нәтиже: негізгі қимыл түрлерінің бастапқы дағдыларын, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; допты шағын төбешіктен домалатады;
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөзді түсіну. қажетті сөздерді (тамақ ішу, ұйықтау, су ішу), дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну. 2. Белсенді сөйлеу. Сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, тұрмыстық (киіну, жуыну), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу) әрекеттерін білдіретін, қарама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-келу, алу-салу) етістіктермен, толықтыру. Күтілетін нәтиже: суреттерден айтылған сөзге сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды табады және көрсетеді; қарапайым сұрақтарға жауап береді;
	Көркем әдебиет	Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу.

Қазан		Күтілетін нәтиже: Ертегі, тақпақтарды тыңдауды үйренеді;
	Сенсорика	заттардың қасиеттері бойынша ұғымдарды қалыптастыру; сенсорлық қабілеттерін қалыптастыру; көру-есту түйсігін, қабылдау, есте сақтау, көрнекі-әрекеттік ойлау, қиял, зейінді дамыту; түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; Күтілетін нәтиже: Қарапайым математикалық ұғымдарын біледі.
	Қоршаған ортамен таныстыру	балалардың қоршаған ортамен танысуына, бейімделуіне, ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау; Күтілетін нәтиже: Жолдастарымен жақсы қарым-қатынаста болады;
	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Жалпақ, дөңгелек пішіндерді біледі
	Музыка	1. Музыка тыңдау. Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, *** 2. Ән айту. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Музыкалық ырғақты-қимылдар. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау; Күтілетін нәтиже: музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады; ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындайды;
	Дене шынықтыру	1. негізгі қимылдар үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5–2 метр), текшелердің, кегльдердің, құрсаулардың, таяқтардың арасымен топпен жүру; допты алға, жоғары лақтыру, 2. Жалпы дамытушы жаттығулар: бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, жаттығуларын орындату 3. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру.

		Күтілетін нәтиже: негізгі қимыл түрлерін жетілдіруге арналған қимылды ойындарға қызығушылық танытады; ересектердің көрсетуімен жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды;
Сөйлеуді дамыту	1. Сөзді түсіну. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші), адамның қимылын (жүреді, жүгіреді, билейді) білдіретін сөздерді 2. Белсенді сөйлеу. жиі қолданылатын азық-түлікті (нан, шәй, май, сүт, көже) білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу. Күтілетін нәтиже: ойыншық жануарлардың дене мүшелерін, тұрмыстық және ойын әрекеттерін, заттардың түстерін, өлшемдері мен пішіндерін көрсетеді және атайды; дыбыстық тіркестерді еліктеп, дұрыс қайталайды;	
Көркем әдебиет	Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, игерген тәжірибелерін еркін ойындарда қолдануға мүмкіндік беру. Үстел үсті, саусақ театрларын өз бетінше ойнау. Күтілетін нәтиже: Үстел үсті, саусақ театрларын өз бетінше ойнай алады.	
Сенсорика	Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, өткізу - шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау Күтілетін нәтиже: Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындайды;	
Қоршаған ортамен таныстыру	қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерді қалыптастыру; тіршілік иелерін бақылау және оларға қамқорлық жасауға баулу; Күтілетін нәтиже: Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктері біледі.	
Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету. Ермексазды алақан арасына салып есу дағдысы қалыптасады. Күтілетін нәтиже: Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша пішіндеуді біледі;	

	Музыка	1. Музыка тыңдау. көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау. *** 2. Ән айту. Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, Музыкалық ырғақты-қимылдар. жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, Күтілетін нәтиже: жалаушаны желбіретеді, сылдырмақты сылдырлатады;
Қараша	Дене шынықтыру	1. негізгі қимылдар Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. құрсаудан құрсауға өтуге үйрету; Еңбектеу, өрмелеу. 35-40 сантиметр жоғары қойылған арқанның астынан еңбектеу, Домалату, лақтыру. бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар: саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, отырып және тұрып оңға, солға бұрылу жаттығуларын үйрету. 3. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру. Жауын-шашынды күндері балалармен қимылды ойындар ұйымдастыру. Күтілетін нәтиже: тазалық пен ұқыптылыққа қанағаттанған сезімін білдіреді; қимылды үйлестірудің бастапқы дағдыларына ие;
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөзді түсіну. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. сандық (біреу, көп) қатынастырады, қалауларын білдіруге Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша таңдау. 2. Белсенді сөйлеу. екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау. Күтілетін нәтиже: ересектерді тыңдайды, түсінеді, тапсырманы орындайды; екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айта алады
	Көркем әдебиет	Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, игерген тәжірибелерін еркін ойындарда қолдануға мүмкіндік беру. Үстел үсті, саусақ театрларын өз бетінше

		ойнау. Күтілетін нәтиже: Үстел үсті, саусақ театрларын өз бетінше ойнай алады.
	Сенсорика	Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, өткізу - шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау Күтілетін нәтиже: Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындайды;
	Қоршаған ортамен таныстыру	қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерді қалыптастыру; тіршілік иелерін бақылау және оларға қамқорлық жасауға баулу; Күтілетін нәтиже: Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктері біледі.
	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету. Ермексазды алақан арасына салып есу дағдысы қалыптасады. Күтілетін нәтиже: Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша пішіндеуді біледі;
	Музыка	***Музыка тыңдау. Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау. Ән айту. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). *** Музыкалық ырғақты-қимылдар. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Қоңырау, сылдырмақ, үйрету. Күтілетін нәтиже: ерсекпен қосылып әннің кейбір сөздерін айтады; балалар музыкалық аспаптарымен ойнайды;
Желтоқсан	Дене шынықтыру	1. негізгі қимылдар жұмсақ модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтерілуге және одан түсуге үйрету. Домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домалату; 2. Жалпы дамытушы жаттығулар: заттарды бір-біріне беру, алға еңкею және түзу тұру, 3. Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

		Жылдың жылы мезгілінде серуенде балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету, Күтілетін нәтиже: тазалық пен ұқыптылыққа қанағаттанған сезімін білдіреді; ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет көрсетудің қарапайым дағдыларын сақтайды.
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөзді түсіну. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші), заттардың күйін (таза, кір), мерзімдік (қазір), 2. Белсенді сөйлеу. Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға туыстық атауларды (аға, апа, тәте, көке), екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. Айналасындағы адамдардың сөзін тындау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау. Күтілетін нәтиже: өзінің, жақын адамдарының есімдерін, атауларын (ана, әке, ата, әже) күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың атауларын, тағамдардың атауларын, белгілі қимылдарды біледі және оларды айтуға тырысады; екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айта алады;
	Көркем әдебиет	Табиғат құбылыстарын бақылайды (қар жауып тұр, дала мұздай, жылы, қар суық т.б.) сөздерін қайталау. Өлеңді тындап, жеңіл сөздерді қайталап айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: Жеңіл сөздерді қайталап айталады.
	Сенсорика	біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: Заттарды пішіні, түсі бойынша топтастырады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	табиғаты туралы түсіндіре отырып, тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді үйрету. Күтілетін нәтиже: Табиғат туралы түсініктерін біледі
	Мүсіндеу	Үлкен-кіші сазбалшықты алақан арасына салып, домалату арқылы қар кесегін, шырша ойыншықтарын мүсіндеуді үйрету. Күтілетін нәтиже: Сазбалшықтармен ермексазды арасында илеуді біледі.

	Музыка	1. Музыка тыңдау. Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, *** 2. Ән айту. ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту. 2. (Музыкалық ырғақты-қимылдар. заттармен қарапайым қимылдар орындау: сылдырмақты сылдырлату, Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, Күтілетін нәтиже: сылдырмақты сылдырлатады; қимылдарды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеп, ойындар ойнайды.
Қантар	Дене шынықтыру	1. негізгі қимылдар Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары; құрсаудан құрсауға өтуге үйрету; бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар: таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру. 3. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру. жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру. Күтілетін нәтиже: дене жаттығуларын орындауға ықылас танытады, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіреді; қимылды үйлестірудің бастапқы дағдыларына ие;
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөзді түсіну. Жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы маңырайды: мәәә, бұзау мәңірейді: мөөө, мысық мияулайды), адамның қимылын (жүреді, жүгіреді, билейді) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау. 2. Белсенді сөйлеу. Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен төрт түліктің (ат, тай, бота), жиі қолданылатын сөздерді айтуға баулу. ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, Күтілетін нәтиже:

		ойыншық жануарлардың дене мүшелерін, тұрмыстық және ойын әрекеттерін, заттардың түстерін, өлшемдері мен пішіндерін көрсетеді және атайды; қарапайым сөз тіркестерін түсінеді, екі сөзден тұратын сөйлемді айтады; сөзбен немесе қысқа сөз тіркестерімен өз өтінішін білдіреді;
	Көркем әдебиет	Ертегіні тыңдайды. Ертегідегі жеңіл сөздерді айта алады. Өлеңді тыңдайды. Жеңіл сөздерді қайталап айта алады. Күтілетін нәтиже: Ертегі, өлеңдердегі жеңіл сөздерді қайталап айтады.
	Сенсорика	Доптардың үлкен-кіші екенін ажырата алады. Түстерін тәрбиешімен бірге қайталайды. Күтілетін нәтиже: Үлкен және кіші сөздерді біледі.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстарын бақылайды (қар жауып тұр, дала мұздай, жылы, қар суық т.б.) сөздерін қайталап айтаға үйрету. Күтілетін нәтиже: Табиғат құбылыстарын айтады;
	Мүсіндеу	Ермексазды алақан арасына салып домалатуды үйрету. Күтілетін нәтиже: Ермексазды алақан арасында илеуді біледі;
	Музыка	1. *** Музыка тыңдау. көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау. 2. Ән айту. Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау). 3. *** Музыкалық ырғақты-қимылдар. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты-ақырын сылдырлату) үйрету. Күтілетін нәтиже: таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдайды, оны соңына дейін тыңдайды; ересекпен қосылып әннің кейбір сөздерін айтады; балалар музыкалық аспаптарымен ойнайды;
Ақпан	Дене шынықтыру	1. негізгі қимылдар үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5–2 метр), текшелердің, кегльдердің, құрсаулардың, таяқтардың арасымен топпен жүру; допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, 2. Жалпы дамытушы жаттығулар:

		заттарды бір-біріне беру, алға еңкею және түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру. 3. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру. жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру. Күтілетін нәтиже: негізгі қимыл түрлерінің бастапқы дағдыларын, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; допты шағын төбешіктен домалатады; ересектердің көрсетуімен жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды;
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөзді түсіну. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Адамның қимылын (жүреді, жүгіреді, билейді) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау. 2. Белсенді сөйлеу. Сөздік қорды ойыншықтар, көлік түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу) екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. Күтілетін нәтиже: белгілі қимылдарды біледі және оларды айтуға тырысады; эмоционалды көңіл-күйді түсінеді және өзінің эмоциясын ым-ишарамен көрсетеді; дыбыстық тіркестерді еліктеп, дұрыс қайталайды;
	Көркем әдебиет	Табиғат құбылыстарын бақылайды (қар жауып тұр, дала мұздай, жылы, қар суық т.б.) сөздерін қайталау. Өлеңді тыңдап, жеңіл сөздерді қайталап айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: Өлеңді тыңдап, жеңіл сөздерді қайталап айтады;
	Сенсорика	біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: Пішін, түсі бойынша топтастыруды біледі;
	Қоршаған ортамен таныстыру	табиғаты туралы түсіндіре отырып, тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді үйрету. Күтілетін нәтиже: Өлі және тірі табиғатты айта алады;
	Мүсіндеу	Үлкен-кіші сазбалшықты алақан арасына салып, домалату арқылы қар кесегін, шырша ойыншықтарын мүсіндеуді үйрету. Күтілетін нәтиже:

Наурыз		Сазбалшықтармен алақан арасында илеуді біледі.
	Музыка	1 ***Музыка тыңдау. Эннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау. 2. Ән айту. ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау). 3 ***Музыкалық ырғақты-қимылдар. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Күтілетін нәтиже: ересектердің орындаған әндерін тыңдайды; қимылдарды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеп, ойындар ойнайды.
	Дене шынықтыру	1. негізгі қимылдар Жүру және тепе-теңдік сақтау құрсаудан құрсауға өтуге үйрету; құрсаудан еңбектеп өту (диаметрі 45 сантиметр). допты алға, жоғары лақтыру, 2. Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды арқаға қою, бұғу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, заттарды бір-біріне беру, алға еңкею және түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру. 3. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Сауықтыру-шынықтыру шараларын табиғи факторларды (ауа, күн, су) пайдаланып, жүргізу. Топ бөлмелерінде тұрақты ауа температурасын (+21-22°C) сақтау, балаларға жеңіл киімдер кигізу. Күтілетін нәтиже: тазалық пен ұқыптылыққа қанағаттанған сезімін білдіреді; ересектердің көрсетуімен жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды;
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөзді түсіну. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың өлшемін (үлкен, кіші), заттардың күйін (таза, кір), мерзімдік (қазір), қажетті сөздерді (тамақ ішу, ұйықтау, су ішу), дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну. Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша таңдау. 2. Белсенді сөйлеу.

		Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу). Күтілетін нәтиже: қарапайым сөз тіркестерін түсінеді, екі сөзден тұратын сөйлемді айтады; өтініштерді орындайды; дыбыстық тіркестерді еліктеп, дұрыс қайталайды;
	Көркем әдебиет	Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу. Күтілетін нәтиже: Тақпақтарды ересектің көмегімен үйренеді;
	Сенсорика	Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, өткізу - шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасау. Күтілетін нәтиже: Балалар түстерді ажыратады, үлкен-кішіні біледі;
	Қоршаған ортамен таныстыру	қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылық таныта отырып, сумен, құммен ойнау, өсімдікке қызығушылық таныту, жануарларға қызығушылық таныту, олардың дауыстарын салу, табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Күтілетін нәтиже: Сумен, құммен ойнау, өсімдікке қызығушылығы оянады;
	Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеуді біледі;

	Музыка	1. ***Музыка тыңдау. Эннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау. 2. Ән айту. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). 2. *** Музыкалық ырғақты-қимылдар. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Қоңырау, сылдырмақ, үйрету. Күтілетін нәтиже: ересекпен қосылып әннің кейбір сөздерін айтады; балалар музыкалық аспаптарымен ойнайды;
Сәуір	Дене шынықтыру	1. негізгі қимылдар үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5–2 метр), текшелердің, кегльдердің, құрсаулардың, таяқтардың арасымен топпен жүру; допты алға, жоғары лақтыру, 2. Жалпы дамытушы жаттығулар: бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарту, жаттығуларын орындату 3. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Күтілетін нәтиже: негізгі қимыл түрлерін жетілдіруге арналған қимылды ойындарға қызығушылық танытады; ересектердің көрсетуімен жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды;
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөзді түсіну. Адамның қимылын (жүреді, жүгіреді, билейді) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау. 2. Белсенді сөйлеу. Сөздік қорды ойыншықтар, ойын (ойнау, салу, домалату, тебу) әрекеттерін білдіретін, қарама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-келу, алу-салу) етістіктермен толықтыру. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (коштасу). Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру.

		Күтілетін нәтиже: ойыншық жануарлардың дене мүшелерін, тұрмыстық және ойын әрекеттерін, заттардың түстерін, өлшемдері мен пішіндерін көрсетеді және атайды; қарапайым сөз тіркестерін түсінеді, екі сөзден тұратын сөйлемді айтады; күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың атауларын, белгілі қимылдарды біледі және оларды айтуға тырысады;
	Көркем әдебиет	Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші), заттардың күйін (таза, кір), мерзімдік (қазір), сандық (біреу, көп) қатынастырады, қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (тамақ ішу, ұйықтау, су ішу), дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну. Ертегіні тыңдайды және эмоционалды көңіл күйін білдіре алады. Кейіпкерлердің атын қайталап айтады. Күтілетін нәтиже: Заттардың түсін, заттардың күйін, мерзімдік, сандық, дене мүшелерін білдіретін сөздерді айтады;
	Сенсорика	Бір сенсорлық белгіден (пішіні) бірдей заттарды топтастыру. «үлкен», «кішкентай» ұғымдарын түсіндіру. Күтілетін нәтиже: Үлкен, кішкентай ұғымдарын біледі.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстарын бақылайды. қоршаған ортадағы жануарларға, құстарға қызығады, олардың дене бөліктерін көрсетеді, дауыстарын салады, қимылдарын ойындарда қайталайды; Күтілетін нәтиже: Қоршаған ортадағы жануарлардың, құстардың дене бөлшектерін көрсетеді.
	Мүсіндеу	Тұзды қамырды алақан арасына салып домалату арқылы затты мүсіндеу. Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін меңгерту. Күтілетін нәтиже: Тұзды қамырды алақан арасында домалатуды біледі.
	Музыка	4. *** Музыка тыңдау. көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау. 5. Ән айту. Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау). 6. *** Музыкалық ырғақты-қимылдар. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты-ақырын сылдырлату) үйрету. Күтілетін нәтиже: таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдайды, оны соңына дейін тыңдайды; ересекпен қосылып әннің кейбір сөздерін айтады; балалар музыкалық аспаптарымен ойнайды;

Мамыр	Дене шынықтыру	1. негізгі қимылдар Допты алға, жоғары лақтыру, бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бұгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, 3. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Сауықтыру-шынықтыру шараларын табиғи факторларды (ауа, күн, су) пайдаланып, жүргізу. құмның үстімен жалаң аяқ 2-3 минут жүргізу (алдын ала оның тазалығы мен қауіпсіздігіне көз жеткізу). Күтілетін нәтиже: негізгі қимыл түрлерінің бастапқы дағдыларын, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген; дене жаттығуларын орындауға ықылас танытады, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіреді; ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет көрсетудің қарапайым дағдыларын сақтайды.
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөзді түсіну. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші), заттардың күйін (таза, кір), мерзімдік (қазір), сандық (біреу, көп) қатынастырады, қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (тамақ ішу, ұйықтау, су ішу), дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну. Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша таңдау. 2. Белсенді сөйлеу. Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға (бәээ -бота, мәээ - қозы, мөөө - бұзау, мәээ - лақ, мияу - мысық, аб-аб - ит), туыстық атауларды (аға, апа, тәте, көке), төрт түліктің (ат, тай, бота), жиі қолданылатын азық-түлікті (нан, шәй, май, сүт, көже) білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (рахмет айту). Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: қарапайым сөз тіркестерін түсінеді, екі сөзден тұратын сөйлемді айтады; эмоционалды көңіл-күйді түсінеді және өзінің эмоциясын ым-ишарамен көрсетеді; дыбыстық тіркестерді еліктеп, дұрыс қайталайды;
	Көркем әдебиет	Шағын, мазмұны түсінікті әңгімелерді, тақпақтар мен өлеңдерді қызығушылықпен тыңдап, түсіну, көлемді иллюстрацияларымен кітаптарды қарау, таныс шығармалардағы сөздерді қайталап айту. Кітаптардағы суреттерді өз бетінше қарай отырып, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсете білу. Күтілетін нәтиже:

		Кітаптардың суреттерді өзбетінше қарайды, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсете алады.
	Сенсорика	Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыру, заттық әрекеттерді орындауға болатын қарапайым заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын дамыту. Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Қарапайым заттар мен құралдарды қолдана алады;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Өлі табиғат заттарымен (су, құм, тас) таныстыру, олармен әрекет етуді көрсету (сүмен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау). Гүлдеп тұрған өсімдікті бақылау, оның бөліктерін (гүл, жапырақ) көрсету. Күтілетін нәтиже: Гүлдеп тұрған өсімдікті бақылауды біледі.
	Мүсіндеу	Ермексазды, сазбалшықты алақан арасында домалату, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу, тәрбиешінің көрсетуі бойынша алынған пішіндерді құрастыру дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Тәрбиешінің көрсетуімен пішіндерді құрастыра біледі.
	Музыка	1. *** Музыка тыңдау. Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау. 2. Ән айту. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту 2. *** Музыкалық ырғақты-қимылдар. ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау. Күтілетін нәтиже: ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындайды; қимылдарды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеп, ойындар ойнайды.